

Әкімдіктің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 43 "Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай беру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 27 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 10 наурызда № 9806 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 тамыздағы № 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 22.08.2024 № 145 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28-бабы 4-тармағына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Амангелді ауданы әкімдігінің "Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде үй-жай беру туралы" 2015 жылғы 16 наурыздағы № 43 қаулысына (2015 жылғы 3 сәуірде "Амангелді арайы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5481 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы қаулының орындалуын бақылау Амангелді ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін."

2. "Амангелді ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Амангелді ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Амангелді ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Амангелді ауданы әкімінің міндетін атқарушы

М. Каласов

Әкімдіктің
2021 жылғы 4 наурыздағы

№ 27 қаулысына
қосымша
Әкімдіктің
2015 жылғы 16 наурыздағы
№ 43 қаулысына
қосымша

Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар

№	Елді мекеннің атауы	Сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жайлар
1	Ақсай ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Бүйректал жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
2	Амангелді ауылы	"Амангелді ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қ. Әбенов атындағы мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
3	Амангелді ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Б. Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
4	Амангелді ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
5	Амантоғай ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Амантоғай жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
6	Байғабыл ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің А. Нұрманов атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
		Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді

7	Есір ауылы	ауданы білім бөлімінің Н. Мейірманов атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
8	Жалдама ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Жалдама жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
9	Қабырға ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Н. Крупская атындағы негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
10	Қарасу ауылы	ауылдық клуб ғимаратында
11	Қарынсалды ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Қарынсалды негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
12	Құмкешу ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Құмкешу жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
13	Степняк ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Степняк негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
14	Тасты ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Тасты жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
15	Үрпек ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді ауданы білім бөлімінің Жаңа ауыл жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
		Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Амангелді

16	Үштоғай ауылы	ауданы білім бөлімінің "Рассвет негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратында
----	---------------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ